

Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінің 6 «б» сыныбында 2021 -2022 оқу жылының

жылдық қорытынды бойынша жүргізілген жұмыстары жөнінде хабарлама

Жаңа оқу жылында класта 20 оқушы бар. Ұлы – 11, қызы – 9. Жыл басында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып кластың әлеуметтік паспортын жасақталды. Яғни, класс оқушыларының әлеуметтік жағдайларына анализ жасалды. Класс оқушылары түгелге жуық оқулықпен қамтамасыз етілді.

Сондай – ақ класс оқушылары әртүрлі кластан тыс шараларға да белсene қатысып отырды. Атап айтқанда, сыншы оқушыларының ер балалары мектепшілік футбол ойынынан 3 орын алды. Математика пәні бойынша «Алтын сақа» олимпиадасына Тлеш I, Рафаэль Н, Табынбай А сынды оқушыларымыз қатысты.

18 – 23 қазан аралығында АӘД және дене тәрбиесі пән бірлестігі үйымдастырылған «Күнделікті дене белсенділігі – денсаулық пен ұзақ өмір сүруге бастар жол» апталығында «Пионербол» жарасында II орынды иемденсе, «Үздік ойыншы» атағын Тлеш Ілияс иемденді. Класымда I оқу тоқсан қорытындысы бойынша 4 озат, 9 екпінді оқушы болды. Балалар әр сабакка мұқият, тиянақты, санитарлық талаптарға сай дайындалып келеді. 2 тоқсанның басында «Отбасы – бакыт мекені» атты ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 15 ата – ана қатысты. Жиналысты ата – аналармен қызықты психологиялық ойындар, сауалнамалар, және ата – анамен ашық сұхбат өткізілді. Мектебімізде ағылшын пән бірлестігінің апталығы өткізіліп 3 орынды иемденді. Апталыққа қатысқан оқушылар: Тлеш I, Табынбай А, Рустемқызы Н. Мектебімізде алғашкы рет ата – аналар арасында спорттық жарыс үйымдастырылып, ата – аналардан жасақталған команда құрамы жарысқа белсene қатысты. Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде «Тәуелсіз елдің үрпағымыз» атты патриоттық әндер байқауына Амангелді Әсел қатысып «Өнер Жұлдызы» номинациясымен марарапатталды. Сонымен катар Бердіғалиев Саламат Облыстық «Мың бала» Ұлттық олимпиадасына қатысып Елбасы Академиясы КҚ басқарушы директорының Алғыс хатымен марарапатталып, жыл соында облыс экімі О.Оразалиннің шыршасына баруға жолдама алып жаңа жылдық сыйлықтар табысталды. З оку тоқсанында мектебімізде құрама бірлестігінің апталығы үйымдастырылып өткізілді. Апталыққа оқушылар өте белсенді қатысты. Атап айттын болсақ Рустемқызы Н, Кәрібай К, Мысагалиева Е, Жақыпова Д. 1 наурыз Алғыс айту күні мерекесі аталаң өткізілді. Сонымен катар «Ұлыс он болсын, ақ мол болсын» атты сынныбымызда оқушыларға арналған наурыз кеші өткізілді.

Сыныбымыздың үздік оқушысы Бердіғалиев Саламат Ақтөбе қаласындағы «Зейін» лагеріне барып демалып келді. 15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай сынныбымызда «Отбасы бақыт ұясы» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындаі түссе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Сонымен катар Бердіғалиев Саламат «Мың бала» олимпиадасының жүлдегері, Табынбай Асылжан «Достық» олимпадасынан 2 орынды иемденді.

Барлық тоқсан бойы тәрбие сағаты жоспарға сай жүргізіліп отырды. Жыл соында сынныбымызда 2 озат оқушы, 6 екпінді оқушы .

Сыныш жетекшісі:



Мусина П.А